

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ  
2019 ЖЫЛҒЫ 20 МАМЫРДАҒЫ  
ҚАУЛЫСЫ**

- 1. Бірінші проректор *М.А.Бектемесовтың* «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалу барысы» туралы есебін тындап, талқылай келе ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| <b>№</b>   | <b>Тапсырма</b>  | <b>Орындаушы</b>  | <b>Мерзімі</b>    |
|------------|--|---|-------------------|
| <b>1</b>   | Бірінші проректор <i>М.А.Бектемесовтың</i> «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының орындалу барысы» туралы есебі - <i>назарға алынсын.</i> |   |                   |
| <b>2</b>   | Стратегиялық даму жоспарындағы ресурстардың төрт түрі бойынша «Ресурстық стратегия» бағыты жандандырылсын, 2019/2020 оқу жылына дейін орындалсын.                            | Бірінші проректор <i>М.А.Бектемесов</i><br>Қаржы-экономикалық департаменті, бас бухгалтер<br><i>Т.С.Сапарбаева</i>                          | <b>30.08.2019</b> |
| <b>3</b>   | Стратегиялық даму жоспарындағы ресурстардың төрт түрі бойынша «Ресурстық стратегия» бағыты жандандырылсын, 2019/2020 оқу жылына дейін орындалсын.                            | Бірінші проректор <i>М.А.Бектемесов</i><br>Даму стратегиясы және сапаны сараптау департаменті директорының орынбасары <i>Т.Ж.Тасболатов</i> | <b>30.08.2019</b> |
| <b>3.1</b> | Корпоративтік мәдениет кодексіне әлемдегі озық үлгілер элементін комплексті түрде қосып, жаңа жоба дайындалсын.  |   | <b>30.06.2019</b> |

- 2. Ғылыми-техникалық жұмыс нәтижелерін коммерциялау бөлімінің бастығы *Т.Қ.Игисиновтың* «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2018/2019 жылына ғылыми-техникалық жұмыс нәтижелерін коммерциялау туралы» есебін тындап, талқылай келе ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| <b>№</b>   | <b>Тапсырма</b>   | <b>Орындаушы</b>  | <b>Мерзімі</b>  |
|------------|---|---|-----------------|
| <b>1</b>   | Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Ғылыми техникалық жұмыс нәтижелерін коммерциялау (ҒТЖНК) бөлімінің бастығы <i>Т.Қ. Игисиновтың</i> «Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2018/2019 жылына Ғылыми техникалық жұмыс нәтижелерін коммерциялау туралы» есебі - <i>қабылдансын және есепке алынсын.</i> |   |                 |
| <b>2</b>   | Университетте технологияларды коммерциялау идеясы кеңінен таратылсын және елдегі технологияларды коммерциялау жүйесін дамыту жұмыстары жүйлендірілсін.  | Ғылым департаментінің директоры <i>С.К.Сахиев</i><br>ҒТЖНК бөлімінің бастығы <i>Т.Қ. Игисинов</i> | <b>жыл бойы</b> |
| <b>2.1</b> | Университет қызметкерлері, студенттері, докторанттары, магистранттары үшін ақпараттық қолдау қамтамасыз етілсін.  |   |                 |
| <b>2.2</b> | Коммерциялау үшін сыртқы гранттық қаржыландыруға өтінімдерді дайындауда көмек көрсетілсін және қолдау жұмыстары жүргізілсін.  |   |                 |
| <b>2.3</b> | Нәтижелерді ішкі және сыртқы нарықтарға енгізуге жәрдемдесу жұмыстары жүргізілсін.  |   |                 |

|     |  |  |   |
|-----|--|--|---|
| 2.4 | Коммерцияландыруға арналған технологиялар портфелі, білім беру нарығындағы сұранысқа ие ғылыми зерттеулерге тапсырыс беру портфелін дайындауға арнайы жұмыс тобы құрылсын. | Ғылым департаментінің директоры <i>С.К.Сахиев</i><br>ФТЖНК бөлімінің бастығы <i>Т.Қ. Игисинов</i><br><i>Кафедра меңгерушілері</i>  | <i>Мерзімі - 2019 жыл</i><br><i>10 маусым</i> |
| 3   | Бюджеттен тыс қаражат тарту мақсатында ақылы білім беру қызметтерін(консультациялар, курстар, тренингтер) ұйымдастыру бойынша жұмыстар жалғастырсын.                       | Ғылым департаментінің директоры <i>С.К.Сахиевке</i><br>ФТЖНК бөлімінің бастығы <i>Т.Қ. Игисинов</i><br><i>Институт директорлары</i>  | <i>жыл бойы</i>                               |
| 4   | Ағылшын тілін үйренушілерге арналған жазғы тіл мектебі ұйымдастырылсын   | ФТЖНК бөлімінің бастығы <i>Т.Қ. Игисинов</i><br>Шетелдік азаматтарға арналған және жоғары оқу орнына дейінгі дайындық факультетінің (Foundation) деканы <i>Г.З. Таубаева</i>   | <i>10.06.2019</i>                             |
| 5   | "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі" АҚ талаптарына сәйкес бизнес-инкубаторды ашу жұмыстарына байланысты жұмыс тобын құрып, ұсыныс дайындау жүктелсін.          | Бірінші проректор М.А.Бектемесовке, ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор <i>А.Т.Құлсариева</i><br>Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры <i>К.П.Сұлтанбеков</i><br>ФТЖНК бөлімінің бастығы <i>Т.Қ. Игисинов</i><br>Заң бөлімінің меңгерушісі <i>Ә.Д.Оразғали</i> | <i>15.06.2019</i>                             |
| 6   | Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерциялау мақсатында жеке кәсіпкерлік субъектілерімен байланыс орнату үдерісі жалғастырсын.                                     | ФТЖНК бөлімінің бастығы <i>Т.Қ. Игисинов</i>   | <i>жыл бойы</i>                               |

**3. Институт директоры Т.М.Қожағұловтың «Өнер, мәдениет және спорт институтының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы, даму болашағы туралы» есебін тыңдап, талқылай келе ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| №   | Тапсырма  | Орындаушы  | Мерзімі           |
|-----|---|--|-------------------|
| 1   | <b>Өнер, мәдениет және спорт институтының оқу-әдістемелік, ғылыми зерттеу және тәрбие жұмыстарының жағдайы қанағаттанарлық деп танылсын;</b>  |  |                   |
| 2   | Институттағы білім бағдарламаларын Қазақстан жоғары оқу орындары арасындағы Ұлттық рейтингі қызметінің негізгі аспектілеріне және білім берудің сапасын арттыру бағытындағы талаптарына сәйкес жоғары деңгейге көтеру жұмыстарының жоспары дайындалсын. | <i>Институт директоры Т.М.Қожағұлов</i><br><i>Кафедра меңгерушілері</i>  | <i>30.06.2019</i> |
| 2.1 | Жаңартылған білім беру мазмұны аясындағы көркем еңбек білім беру бағдарламасындағы үй мәдениеті және тамақтану мәдениеті курстарының енгізілуіне сәйкес келетін оқу дәрісханасы жабдықталсын.   | <i>Институт директоры Т.М.Қожағұлов</i><br><i>Кафедра меңгерушілерін</i><br><i>Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры К.П.Сұлтанбеков</i> | <i>30.08.2019</i> |
| 2.2 | Институт мамандықтарының профильдік ерекшелігіне байланысты жоғары деңгейдегі шығармашылық  |  | <i>30.09.2019</i> |

|     |  |   |                             |
|-----|--|---|-----------------------------|
|     | жұмыстары бар ПОҚ әлеуетін көтеру жұмыстарына ұсыныстар дайындалсын.   |   |                             |
| 3   | Университеттің 2018-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарына сәйкес жұмыс берушілерді қатыстыра отырып, ХХІ ғасыр мұғалімін дайындаудың келешегі бар біліктілікті қамтамасыз ететін жаңа білім бағдарламаларын әзірлеу қамтамасыз етілсін. | <i>Институт директоры Т.М.Қожағұлов<br/>Кафедра меңгерушілері</i>   | 30.10.2019                  |
| 3.1 | Өнер, мәдениет және спорт институты 50-жылдығына іс-шаралар жүргізу жоспары өз мерзімінде ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өткізілсін.  |   | 04.03.2019 –<br>11.10.2019  |
| 3.2 | Н.С.Журавлев, В.Ф.Власюк, Д.Шоқпарұлы атындағы мүсін, акварель және қолданбалы өнерден шығармашылық шеберханалар салтанатты түрде ашылуы жоспарлансын.   |   | 04.03. 2019 –<br>11.10.2019 |
| 3.3 | «Жасампаз» студенттер көркемсурет көрмесі ұйымдастырсын.   |   | 10.10.2019                  |
| 3.4 | Нижневартоск мемлекеттік университеті, өнер және дизайн факультетінің профессор-оқытушылар құрамының шығармашылық жұмыстар көрмесі Абай атындағы ҚазҰПУ-нің көркемсурет мұражайында ұйымдастырылсын.   |   | 10.10.2019                  |
| 3.5 | Абай атындағы ҚазҰПУ ӨМжСИ түлектері және профессор-оқытушылар құрамының шығармашылық жұмыстарының мерейтойлық көрмесі ҚР Мемлекеттік Орталық мұражайында өткізілсін.  |   | 10.10.2019                  |
| 3.6 | «Ұлы дала қырлары: шығармашылық және қазіргі кезеңдегі көркемөнерден білім беру» тақырыбындағы Халықаралық Арт-форум өткізілсін.   |   | 11.10.2019                  |
| 3.7 | ӨМжСИ 50-жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиын және мерекелік концерт жоғары деңгейде өткізілсін.  |   | 10.10.2019-<br>11.10.2019   |
| 4   | Өнер, мәдениет және спорт институтының студенттерінің оқу материалдарына қажетті жабдықтарды және соңғы графикалық бағдарламалармен жұмыс жасайтын компьютерлерді сатып алып жұмыстарына қажетті ұсыныстар дайындалсын.                              | <i>Институт директоры Т.М.Қожағұлов<br/>Кафедра меңгерушілері<br/>Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры К.П.Сұлтанбеков</i>                                       | 30.06.2019                  |
| 5   | Өнер, мәдениет және спорт институтында оқымайтын басқа мамандық студенттеріне арналған үйірмелер мен клубтар ашу жұмыстарына қажетті ұсыныстар дайындалсын.  | <i>Институт директоры Т.М.Қожағұлов<br/>Кафедра меңгерушілері<br/>Оқу ісі жөніндегі проректор А.А.Сатмырзаев Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Жанбеков</i> | 30.06.2019                  |
| 6   | Өнер мен мәдениет туралы терең ақпарат пен тәжірибилік күзiреттiлiктi қамтитын университеттiң барлық   | <i>Институт директоры Т.М.Қожағұлов<br/>Білім беруді жобалау департаментінің директоры</i>  | 30.08.2019                  |

|  |                        |  |
|--|------------------------|--|
| мамандығына арналған элективті пәндер тізімі | <i>А.М.Байдильдина</i> |  |
|--|------------------------|--|

4. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Жанбековтың «Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларға ұсынылатын үміткерлерді бекіту туралы» ақпаратын тыңдай отырып,  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма  | Орындаушы | Мерзімі |
|---|---|-----------|---------|
| 1 | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Х.Жанбековтың «Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларға ұсынылатын үміткерлерді бекіту туралы» ақпараты - <i>назарға алынсын.</i> |           |         |
| 2 | Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларға ұсынылатын үміткерлер тізімі – бекітілсін.   |           |         |

Әртүрлі 5. Ғылым департаментінің директоры С.Қ.Сахиевтің «6D010000- Білім беру (Педагогикалық ғылымдар) Диссертациялық кеңесінің құрамын бекіту туралы» ақпаратын тыңдай отырып,  
**ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

| № | Тапсырма   | Орындаушы | Мерзімі |
|---|--|-----------|---------|
| 1 | 6D010100 – «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандықтары бойынша құрамы 1- қосымшаға сәйкес <i>бекітілсін.</i> |           |         |

**5.1. Әртүрлі.**

VI. Осы шешімдердің орындалуын қадағалау бірінші проректор *М.А.Бектемесовке* жүктелсін.

Ғылыми кеңес төрағасы

Бас ғалым хатшы



Т. Балықбаев

Ж. Сейсенбаева